

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1357 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1491

Қалыптасып отырған қиын жағдайды ескере отырып және Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын қысқы жағдайдағы жұмысқа дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. "Республикалық бюджеттен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1357 P991357_ қаулысына мынадай өзгеріс пен т о л ы қ т ы р у е н г і з і л с і н :

кіріспесіндегі "Первомайск" деген сөзден кейін "және Курчатов қаласы" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шығыс Қазақстан облысының әкіміне 1999 жылға арналған республикалық

бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен 50 миллион теңге, оның ішінде Первомайск қала үлгісіндегі кентінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жылумен жабдықтаудың дербес көздеріне көшіру үшін 20 миллион теңге және Курчатов қаласының қазандықтары үшін мазут сатып алуға 30 миллион теңге бөлінсін;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

